

**8D02302 – Шетел филологиясы (ағылшын тілі) мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған
Нурмаганбетова Анипа Адильхановнаның «Саяси сұхбат дискурсындағы
айыптаудың коммуникативтік стратегиялары» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына
АҢДАТПА**

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазіргі саяси дискурс қолданылу салаларының кеңею үрдісімен сипатталатын көпқырлы құбылыс болып табылады. Саяси дискурстың негізгі жанрларының бірі ретінде саяси сұхбат қоғамдық пікір үшін күрес жүзеге асатын алаңға айналууда. Осындай коммуникативтік жағдайларда айыптау феномені жекелеген сөйлеу актісінен саяси қарсыласты делегитимациялауға бағытталған стратегиялық кешенге трансформацияланады.

Саяси дискурсты және оның жанрлық құрылымдарын зерттеуге арналған еңбектер (Р. Водак, Т. А. ван Дейк, В. И. Карасик, Н. Фэйрклаф, А. П. Чудинов, Е. И. Шейгал) саяси коммуникация үдерісінде жүзеге асатын айтылымдардың көпфункционалдылығын айқындайды. Ал саяси сұхбатты тікелей қарастыруға арналған зерттеулер (Н. И. Лавринова, Г. Лауэрбах, А. К. Михальская, М. А. Стрельникова, А. Фетцер) оны қоғамдық пікірді қалыптастыратын диалогтік, асимметриялық және медиаландырылған оқиға ретінде сипаттайды. Коммуникативтік стратегиялар мен тактикалар теориясы (О. С. Иссерс, Е. В. Клюев, О. Н. Паршина) саясаткердің сөйлеу әрекетін мақсатты әрі иерархиялық ұйымдасқан қызмет ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Алайда аталған тұжырымдамалар аясында айыптау феномені көбінесе дискредитация стратегиясының құрамдас бөлігі ретінде қарастырылатын жекелеген сөйлеу актісі деңгейінде ғана зерттеледі (И. В. Бессонова, И. Г. Дьячкова, Н. А. Трофимова).

Бірқатар зерттеушілер (М. Пауэлл, Б. Дигген, Н. М. Эдвардс) америкалық коммуникативтік мәдениеттің қақтығыстылығы мен бәсекелестік сипатын атап көрсетеді. Сонымен қатар когнитивтік лингвистикада саяси көзқарастарды терең ментальді құрылымдармен және метафоралық модельдермен байланыстыратын теориялар дамытылууда (Дж. Лакофф, М. Джонсон, А. Н. Баранов, Е. С. Кубрякова, А. П. Чудинов). Саяси сөйлеуде идеология мен тілдік құралдардың өзара шарттылығы туралы тұжырымдарға қарамастан, америкалық саяси сұхбатта социомәдени ұстанымдардың айыптау коммуникативтік стратегияларын таңдауды болжамды түрде қалай айқындайтынына қатысты жүйелі талдау жүргізілмеген. Коммуникацияның жанрлық және институционалдық шарттарының ықпалымен сөйлеу актілерінің функционалдық трансформациясы мәселесі де жеткілікті деңгейде әзірленбеген, өйткені саяси коммуникацияда мораль нормаларын бұзу немесе құзыретсіздік туралы меңзеулер көбінесе адресатты саяси актор болу құқығынан айыру мақсатын көздейді. Саяси сұхбат құрылымының өзіндік ерекшеліктері қосымша ғылыми зерттеуді талап етеді: көптеген еңбектер журналист – саясаткер диадасына (Е. А. Беляева, Л. Г. Виниченко, Н. Н. Кошкарлова, Е. И.

Петрова, О. А. Романенко) назар аударып, посткоммуникативтік кезеңде әлеуметтік желілер мен интернет-пікірлердегі аудиторияның белсенді қатысуын ғылыми назардан тыс қалдырады.

Осылайша, **тақырыптың өзектілігі** айыптауды институционалдық дискурста тұлғааралық этика шеңберінен шығатын күрделі коммуникативтік феномен ретінде пайымдау қажеттілігімен айқындалады. Этикалық регуляция мен эмоциялық бағалау құралы болудан айыптау біртіндеп идеологиялық күрестің құралына айналып отыр, алайда оның стратегиялық әлеуеті әлі де жеткілікті дәрежеде зерттелмеген. Сондай-ақ қазіргі медиареалдылық жағдайында идеологиялық бәсекелестік кеңістігі ретінде көрінетін саяси сұхбатты талдау ерекше маңызға ие. Аталған жанрдың интерактивті табиғаты айыптаудың тактикалық құралдарының кеңеюіне ықпал етеді, бұл саясаткерлерге қарсыласының жағымсыз бейнесін тиімді құрастыруға және бұқаралық аудиторияға ықпал етуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты бейтарап айтылымдардың айыптау инфлуктивтеріне функционалдық транспозициялану тетіктерін талдауға мүмкіндік беретін зерттеу алгоритмін әзірлеу ерекше өзектілікке ие.

Зерттеудің мақсаты американдық саяси сұхбатта қолданылатын айыптаудың коммуникативтік стратегиялары мен тактикаларын анықтау мен жүйелеу, сондай-ақ олардың медиалық өзара әрекеттесу жағдайында жүзеге асуын қамтамасыз ететін когнитивтік және лингвопрагматикалық механизмдерді айқындау болып табылады.

Зерттеудің нысаны – американдық саяси сұхбат дискурсы.

Зерттеудің пәні – американдық саяси сұхбат қатысушылары тарапынан айыптау коммуникативтік стратегиялары мен тактикаларының жүзеге асырылу ерекшеліктері мен заңдылықтары болып табылады.

Айқындалған нысан пен пәнге сәйкес, жұмыстың мақсатына сай зерттеудің негізгі кезеңдерін ашып көрсететін бірқатар **міндеттер** тұжырымдалды:

– саяси дискурстың белгілерін анықтап, ұлттық лингвомәдениеттің өнімі ретіндегі американдық саяси сұхбаттың жанрлық ерекшелігін айқындау;

– айыптау феноменін прагматикалық категория ретінде негіздеу және оның агоналдық дискурста жүзеге асырылуындағы коммуникативтік стратегиялар мен тактикаларды жүйелеу, делегитимацияның заңдық-фактологиялық және моральдық-этикалық векторларын айқындау;

– әлеуметтік-мәдени факторлар контекстінде айыптаудың тактикалық репертуарын базалық когнитивтік модельдермен («Қатаң әке» / «Қамқор ата-ана») байланыстыратын интегративті талдау әдістемесін әзірлеу;

– АҚШ-тың қазіргі саяси көшбасшыларының сөйлеуінде айыптаудың қызмет етуінің лингвопрагматикалық механизмдерін анықтау және американдық саяси сұхбатта инфлуктивтің рөлін негіздеу;

– журналистер мен белсенді аудиторияның сөйлеу әрекетіндегі айыптау стратегияларының жүзеге асу ерекшеліктерін зерттеп, медиалық орта жағдайындағы дискурсивтік диффузия механизмдерін ашу;

– Дж. Байден мен Д. Трамптың идиостильдерін салыстырмалы-салғастырмалы талдау арқылы саяси сұхбаттың коммуникативтік жағдайында айыптау стратегияларының жүзеге асуындағы жеке-стильдік ерекшеліктерді анықтау.

Зерттеу жұмысының теориялық және әдіснамалық негіздері ретінде отандық және шетелдік ғалымдардың келесі салалардағы еңбектері алынды:

– дискурс теориясы және саяси лингвистика саласында (А. Ж. Аманбаева, Н. Д. Арутюнова, Б. А. Ахатова, М. М. Бахтин, Т. А. ван Дейк, А. А. Иманбаева, А. Ислам, В. И. Карасик, М. Л. Макаров, Ш. Муфф, З. Харрис, А. П. Чудинов, Е. И. Шейгал және т.б.);

– критикалық дискурс-анализ саласында (Р. Водак, В. С. Ли, М. Ш. Мусатаева, М. Фуко, Н. Фэйрклаф, П. Чилтон);

– когнитивтік лингвистика, фреймдер теориясы және метафоралық модельдеу саласында (Ч. О. Байгунакова, А. Н. Баранов, Г. Г. Гиздатов, М. Джонсон, Е. С. Кубрякова, Дж. Лакофф, А. П. Чудинов);

– прагмалингвистика және сөйлеу актілері теориясы саласында (Т. А. ван Дейк, О. С. Иссерс, К. Е. Калинин, В. И. Карасик, В. Б. Кашкин, Е. В. Клюев, Ч. Ларсон, О. Л. Михалева, В. О. Мулькеева, Дж. Остин, О. Н. Паршина, К. Ф. Седов, Дж. Серль, З. К. Темиргазина, Н. А. Трофимова, Е. И. Шейгал);

– медиалингвистика және саяси сұхбат теориясы саласында (Т. Г. Добросклонская, С. Лауэрбах, А. Фетцер, В. Е. Чернявская);

– коммуникативтік стратегиялар мен тактикалар теориясы саласында (Ж. Б. Ахметова, А. К. Жукенова, О. С. Иссерс, Е. В. Клюев, О. Л. Михалева, Э. Ш. Никифорова, Ж. Оспанова, О. Н. Паршина, К. Ф. Седов);

– коммуникативтік тұлға теориясы, ұлттық коммуникативтік мінез-құлық, мәдени модельдер саласында (Ю. О. Гафиатулина, Б. Дигнен, Дж. Лакофф, М. Пауэлл, И. А. Стернин, А. Д. Сутбаева, Э. Холл, Г. Хофстеде).

Қойылған міндеттерді іске асыру және ұсынылған болжамды дәлелдеу үшін осы жұмыста келесі **зерттеу әдістері** қолданылды: жалпығылыми әдістер (талдау, жинақтау, қорытындылау және салыстыру); дискурс-талдау; контекстік талдау әдісі; лингвопрагматикалық талдау; тұжырымдамалық және фреймдік талдау; лингвостилистикалық талдау; Voyant Tools бағдарламасын қолдану арқылы мәтіндік деректерді компьютерлік талдау; Microsoft Excel бағдарламасында сандық жүйелеу және ЖИ құралдарын қолдана отырып, нәтижелерді визуализациялау.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Американдық саяси сұхбат – бұл саясаткер, журналист және аудитория қатысатын гибриді институционалдық-медиа жанры. Оның жанрлық спецификасы құрылымдық және ережелік қасиеттерімен айқындалады, ал медиалық ерекшеліктері сапалық сипаттамаларға (көрерменге бағдарлану, театрландыру, интерактивтілік) негізделген. Американдық лингвомәдениетке тән агональдық театрландыру және идеологиялық поляризация жағдайында саяси сұхбаттағы айыптау сөйлеушінің ұстанымын легитимациялау және оппонентті делегитимациялау мақсатындағы рационалды жоспарланған коммуникативтік мінез-құлық ретінде жүзеге асады.

2. Айыптау категориясы – бұл фактілерді баяндау (констатив) түрінде көрініс тауып, жасырын императивтік әсер ету (инфлюктив) нысаны ретінде қызмет ететін, иерархиялық тұрғыдан ұйымдастырылған стратегиялар жүйесі. Айыптау стратегиялары делегитимация векторына қарай сараланады: заңдық-фактологиялық вектор (кінәлау және мәртебені төмендету стратегиялары) оппоненттің кінәсі мен құқықтық жауапкершілігін дәлелдеуге бағытталған, ал моральдық-этикалық вектор (сөгу және дискредитациялау стратегиялары) құндылықтардың сәйкес келмеуін көрсетуге және имиджді бұзуға бағытталады. Өзіндік таныстыру және жалтарудың қосалқы стратегиялары осы жүйеде аксиологиялық контраст жасау арқылы айыптауды күшейтетін катализатор қызметін атқарады.

3. Американдық саяси дискурстағы айыптау стратегиялары мен тактикаларын жүзеге асырудың лингвистикалық құралдары екі когнитивтік модельдің әлеуметтік-мәдени оппозициясымен болжамды түрде негізделген. Консерваторлар идеологиясына тән «Қатал әке» моделі кінәлау мен мәртебені төмендету стратегияларын, прагматизм мен жеке жауапкершілікке бағытталған лексиканы, эксплициттік үстемдік тактикасын таңдауды алдын ала айқындайды. Либералдық идеологияға тән «Қамқор ата-ана» моделі сөгу стратегиясын, эмпатия саласындағы лексиканы, ұжымдық жауапкершілікті және моральдық үстемдік тактикасын таңдауға негіз болады.

4. Американдық журналисттің институционалдық рөлінің бейтарап медиатордан белсенді саяси акторға трансформациялануы конфронтация (қарсыласу) және альянс стратегияларының дихотомиясы арқылы жүзеге асады. Идеологиялық оппонентке қатысты журналист әшкерелеу, қысым көрсету, жағымсыз бейне қалыптастыру тактикалары басым конфронтация стратегиясын қолданады, ал идеологиялық одақтасқа қатысты альянс стратегиясы іске қосылып, айыптау үшінші күшке (сыртқы жауларға немесе саяси қарсыластарға) бағытталады, бұл сұхбатты аудиторияны идеологиялық мобилизациялау құралына айналдырады.

5. Саяси көшбасшылар мен журналистер белгілеген айыптау стратегиялары аудиторияның коммуникативтік кеңістігіне (әлеуметтік желілер, блогтар) таралады, онда басым тактикалар (кінәлау, дискредитациялау) мен арнайы лингвистикалық құралдар репликацияланады. Реактивті стратегиялардың дихотомиясы анықталды: «аналитиктер» тобы сарапшылық дискурсты имитациялай отырып, псевдо-рационалды аргументация тактикасын қолданады, ал «шеймерлер» тобы тікелей кінәлау стратегиясын жүзеге асырып, инвективті лексика мен тікелей балағаттауды пайдаланады, бұл американдық саяси коммуникацияның агоналды әлеуетін күшейтеді.

6. Дж. Байден мен Д. Трамптың сөйлеу мінез-құлқына жүргізілген салыстырмалы талдау айыптау стратегияларының индивидуалды-стилистикалық ерекшелігін анықтады. Агоналды-прагматикалық идиостилінде Д. Трамптың айыптау тұлғалық дискредитацияға бағытталады, оны жүзеге асыруда қысым көрсету, мәртебені төмендету, тікелей инвективтерді қолдану, гиперболизация және шартты конструкциялар пайдаланылады, бұл жалпы «Қатал әке» моделін қалыптастырады. Ал Дж. Байденнің идиостилінде айыптау

оппоненттің құндылықтық делегитимациясына бағытталады және жанама сөгу, отбасы тәжірибесіне апелляция, бағалаушы және эмотивті лексика қолдану, уақытша тәуелді конструкциялар арқылы жүзеге асады, бұл оның «Қамқор ата-ана» моделіндегі нормативті-этикалық стилін анықтайды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы айыптау феноменін теориялық тұрғыдан қайта пайымдаумен сипатталады. Стратегияларды жүйелеу аясында айыптаудың тактикалық құралдарын таңдаудың саясаткердің базалық когнитивтік модельдеріне («Қатаң әке» және «Қамқор ата-ана») тәуелділігі негізделді. Агоналды диалог жағдайында формалды түрде бейтарап фактілер туралы хабарламалардың вербалды санкцияның иллокутивтік күшіне ие болуын қамтамасыз ететін лингвопрагматикалық механизм ашылды. Саясаткерлердің агоналды-прагматикалық (Д. Трамп) және нормативтік-этикалық (Дж. Байден) идиостильдерінің спецификалық ерекшеліктері талданды. Медиалық өзара әрекеттесуді талдау саяси көшбасшылар мен журналисттер қалыптастырған айыптау стратегияларының интернет-комментарийлерде репликацияланып, радикалданатынын анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы оның саяси дискурс теориясына, прагмалингвистикаға және медиалингвистикаға қосқан үлесімен айқындалады. Зерттеу нәтижелері американдық саяси полемикадағы сөйлеу мінез-құлқы стратегияларын зерделеуде когнитивтік, прагмалингвистикалық және лингвомәдениеттанымдық тәсілдерді ықпалдастыру арқылы дискурс-талдаудың теориялық-әдіснамалық базасын кеңейтеді.

Практикалық құндылығы алынған зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарында дискурс теориясы мен практикасы, сөйлеу ықпалының негіздері, когнитивтік лингвистика, саяси лингвистика, сондай-ақ медиалингвистика, коммуникативтік стратегиялар мен технологиялар бойынша арнайы курстарды әзірлеу барысында қолдану мүмкіндігімен айқындалады.

Зерттеудің дереккөздері ретінде саяси сұхбат мәтіндері алынды. Корпус 2020–2025 жылдар аралығында іріктелген 110 сұхбат транскриптілерін қамтиды. Эмпирикалық корпусты қалыптастыру кезінде жетекші ұлттық және халықаралық медиа-платформаларда (CNN, Fox News, ABC News, CBS News, NBC News, MSNBC, TIME, сондай-ақ подкаст және радио форматтары) көрсетілген сұхбаттар ескерілді. Материалды іріктеу келесі критерийлер негізінде жүзеге асырылды: медиаканалдың мәртебесі және толық мәтіндік нұсқасының қолжетімділігі. Сұхбаттардың тізімі, күндері мен дереккөздері көрсетіле отырып, диссертацияның қосымшасында ұсынылған.

Зерттеу жұмысының талқылануы мен жариялануы. Зерттеу тақырыбы бойынша 6 мақала жарияланды: оның ішінде 1-еуі Scopus деректер базасына кіретін халықаралық рецензияланатын басылымда, 3-еуі ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда, 2-еуі халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында:

– Провокационные вопросы и реакции на них в политическом интервью (Саяси сұхбаттағы провокациялық сұрақтар және оларға реакция) (мақала) // А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Тілтаным» журналы. –

2023. – № 2. – Б. 118–126 (0,6 б.т.). ISSN 2411-6076 (Print), ISSN 2709-135X (Online).

– Communication strategies in political interviews (based on an interview with Joe Biden) (Саяси сұхбаттардағы коммуникативтік стратегиялар (Джо Байденмен сұхбат материалы бойынша)) (мақала) // Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ Хабаршысы. «Филологиялық ғылымдар» сериясы. – Алматы: Полилингва. – 2023. – № 3 (70). – Б. 200–213 (0,8 б.т.). ISSN 2411-8745 (Print), ISSN 2709-9245 (Online).

– Metaphorical models in modern English-language political discourse (Қазіргі ағылшын тілді саяси дискурстағы метафоралық модельдер) (мақала) // Тіл және мәдениет: XXXII Халықаралық ғылыми конференция материалдары (2022 ж. 25–27 қазан). – Томск: Томск мемлекеттік университетінің баспасы, 2022. – Б. 73–78 (0,4 б.т.). ISBN 978-5-907572-47-8.

– Анализ коммуникативных стратегий порицания в дискурсе политического интервью (Саяси сұхбат дискурсындағы айыптау коммуникативтік стратегияларын талдау) (мақала) // ЕУРАЗИЯ-2022: Жаһандану және цифрландыру дәуіріндегі әлеуметтік-гуманитарлық кеңістік. IV том: Қазіргі гуманитарлық ғылымның өзекті мәселелері. Халықаралық ғылыми-мәдени-білім беру форумы материалдары (Челябинск, 2022 ж. 6–8 сәуір). – 2022. – Б. 513–516 (0,3 б.т.). ISBN 978-5-696-05285-4 (IV т.), ISBN 978-5-696-05281-6.

– Особенности использования коммуникативной стратегии порицания в политическом интервью (Саяси сұхбаттағы айыптау коммуникативті стратегиясын қолдану ерекшеліктері) (мақала) // Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ Хабаршысы. «Филологиялық ғылымдар» сериясы. – Алматы: Полилингва. – 2025. – № 4. – Б. 187–199 (0,8 б.т.). ISSN 2709-9245.

– Praise Strategies and Tactics in US Political Interviews with Donald Trump (АҚШ саяси сұхбаттарындағы (Дональд Трамп қатысуымен) мадақтау стратегиялары мен тактикалары) (мақала) // I International Journal for the Semiotics of Law - Revue internationale de Sémiotique juridique. – Netherlands: Springer Nature, 2025. – Vol. 38, Iss. 7. – P. 2319–2340 (1,5 п.л.). ISSN 0952-8059, eISSN 1572-8722. (Scopus, Q3).

Жұмыстың құрылымы. Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған дереккөздер тізімінен және қосымшалардан тұрады.